

Маңғыстау облысы әкімдігінің "Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға арналған "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ несиелендіру" бағдарламасы бойынша облыстық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану жөніндегі Нұсқаулығын бекіту туралы" 2008 жылғы 3 маусымдағы N 404 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 24 қыркүйектегі N 1313 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 20 қазанда N 2032 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № 01-30-1018 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012.07.11 № 01-30-1018 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша бірінші кезектегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" 2007 жылғы 06 қарашадағы N 1039 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" қаулысына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің "Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға арналған "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ несиелендіру" бағдарламасы бойынша облыстық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану жөніндегі Нұсқаулығын бекіту туралы" 2008 жылғы 3 маусымдағы N 404 қаулысына (нормативтік құқықтық актілер Тізілімінде N2016 тіркелген, "Маңғыстау" газетінде 2008 жылғы 14 маусымдағы N 92 жарияланған, нормативтік құқықтық актілер Тізілімінде N 2023 тіркелген, "Маңғыстау" газетінде 2008 жылғы 28 тамызында N 132 жарияланған Маңғыстау облысы әкімдігінің "Маңғыстау облысы әкімдігінің "Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға арналған "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ несиелендіру" бағдарламасы бойынша облыстық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану Нұсқаулығын бекіту туралы" 2008 жылғы 3 маусымдағы N 404 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2008 жылғы 14 шілдедегі N 518 , нормативтік құқықтық актілер Тізілімінде N 2029 тіркелген, "Маңғыстау" газетінде 2008 жылғы 30 қыркүйектегі N 151 жарияланған Маңғыстау облысы

әкімдігінің "Маңғыстау облысы әкімдігінің "Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға арналған "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ несиелендіру" бағдарламасы бойынша облыстық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану Нұсқаулығын бекіту туралы" 2008 жылғы 3 маусымдағы N 404 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2008 жылғы 25 тамызындағы N 775 қаулысымен өзгерістер енгізілген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

облыс әкімдігінің көрсетілген қаулы қосымшасында:

"шағын" сөзінен кейін "және орта" сөздерімен толықтырылсын;

"шағын" сөзінен кейін "және орта" сөздерімен толықтырылсын;

"шағын кәсіпкерлік субъектілері (одан әрі – ШКС) сөздері" "шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері (одан әрі – ШЖОКС) сөздерімен ауыстырылсын";

қоса берілген "Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға арналған "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ несиелендіру" бағдарламасы бойынша облыстық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану Нұсқаулығының 2 тарауындағы 8 тармағында мынадай абзац қосылсын:

"ұзақ мерзімді (бес жылдан 10 жылға дейін)."

көрсетілген қаулының 1 қосымшасында:

Маңғыстау облысының әкімдігі жанындағы 2008 жылы облыстық бюджет қаражатынан несиелендіру үшін бизнес-жобаларды қарау және іріктеу жөніндегі Комиссия құрамына (одан әрі - Құрам)

Олжабаева Лиза Оспанқызы	Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;
--------------------------	--

енгізілсін және Маңғыстау облыстық мәслихатының кезекті сессиясына бекітуге ұсынылсын;

жоғарыда көрсетілген Құрамнан Д.Б. Әділханов шығарылсын;

сегізінші жолда "Маңғыстау облысы бойынша салық комитетінің төрағасы (келісім бойынша) сөздері "Маңғыстау облысы бойынша салық департаментінің бастығы (келісім бойынша)" сөздерімен ауыстырылсын;

"Инвестициялық саясатты іске асыруға арналған "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ несиелендіру" бағдарламасы бойынша облыстық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану жөніндегі Нұсқаулығына қоса берілген 6 тарауда:

жиырма алтыншы абзац алып тасталсын.

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"кәсіпкерлік инфрақұрылымдары саласында кәсіпорындар құру (консалтингтік, аудиторлық, маркетингтік қызметтер көрсету);

денсаулық және халыққа әлеуметтік қызметтер көрсету салаларындағы қызметтер;

коммуналдық, әлеуметтік және дербес басқа да қызметтер"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Қ. Нұрғалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Облыс әкімі

К.Көшербаев

КЕЛІСІЛДІ:

А.Қ. Нұрғалиев

С.А. Бермұхамедов

Е.А. Бектұрғанов

А. Әбдешұлы

А.М. Теңгебаев

Маңғыстау облысы бойынша
салық департаментінің бастығы
" ____ " _____ 2008 жыл.

Л . О . О л ж а б а е в а
Маңғыстау облысының кәсіпкерлік
және өнеркәсіп басқармасының бастығы
" ____ " _____ 2008 жыл.